



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТТЕР МАТЕРИАЛДАРЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ДЕРЕК РЕТІНДЕ (XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
ТАРИХЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

Амантай Данагүл Еркінқызы

nurbaevad@gmail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 1-курс магистранті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ерменбаева Г.К.

Көтеріліп отырған бұл тақырып бүгінгі таңдағы ең маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі. Қазірде көптеген жерде өлкенің тарихына қатысты кейбір деректер ашылусыз қалып отыр. Осы мақсатта негізгі нысана, өлкенің тарихына байланысты өзекті деген маңызды мақалалар мен құжаттарды көтеру. Бүгінгі таңда өлке тарихын зерттеу кезінде газет материалдарының үлесі өте зор. Мұрағат құжаттарының арқасында өлке тарихына байланысты ауқымды мақалалар мен мәліметтерді таба аласыз.

Облыстық газет саяси-әлеуметтік және экономикалық орталығы болып табылатын қала жаңалықтары мен проблемаларын оқырман ортасына шығарып, жан-жақты хабардар етуді мақсат тұтады. XX ғ. басында қазақ өлкесінде көптеп газеттер шығарыла бастады, олардың көбісі латын қарпінің қолданылуымен қазақ тілінде басылды.

"Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі" деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, әлемдегі, айналадағы, оқиғаларды хабарлап отыратын, қоғам мен үкіметті байланыстыратында осы газет.

Алғашқы жылдары көптеп шыққан газеттерді алатын болсаңыз мақтау мадақтауға негізделеді. Көптеген басылымдар ақпараттық-анықтамалық сипатта болды. Сонымен қатар газет ұйымдарына империяның қамқорлығындағы отарлық өлкенің тұрмыс салтын насихаттау миссиясы жүктелді. Осы мақсатпен ресми емес бөлімде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды.

XX ғ. газеттерге аса мән берер болсақ бірінші «Мир Труда» газетін айтуымызға болады. 1919 жылдың қараша айынан шығарылған бұл газет ең алдымен губерниялық өмірді айқыштайды.

«Бостандық туы» газеті 1919 ж. жарыққа шыққан. Аптасына үш рет қырғыз тілінде шығарылып отырған. Жауапты редакторы – Жәнібеков, жауапты хатшы – Бекішов Абдрахман.

«Кедей сөзі» - газеті РК(б)П Сібір облыстық бюросының, Ақмола губерниялық бюросының органы. Алғашқы саны 1920 жылы ақпанда Омбы қаласында жарық көрген. Газеттің ол кездегі міндеті қазақ еңбекшілеріне революциялық заң, тәртіпті насихаттау қазақ ауылдарында Кеңес өкіметінің орнығуына көмектесу, жалпы жұрттың сана-сезімін ояту еді. Бұл парызды өтеу өте қиынға түсті. Өйткені халық шаруашылығы күйзелісте болатын. Әрі газеттің полиграфиялық базасы нашар болды, журналист мамандар жетіспеді. Тіпті редакцияның баспаханасы де болмады. Сөйтсе де, газет алыс ауыл, аудандарға тарады, еңбекшілерге жаңалықты жеткізіп отырды. Газетте С.Садуақасовтың "Біздің мақсаттарымыз", Мадиярдың (М.Дулатов) "Октябрь төңкерісінің 3-жылы" мақалалары және "Ай, Мәмбет!" сықақ-сұхбаты жарияланды. Газетке Қошке Кеменгерұлы, Сабыр Айтқожин, Мағжан Жұмабаев, Бекмұхамед Серкебаев, Әділқайыр Досов сынды қаламгерлер білімі мен тәжірибелерін қазақ қоғамындағы ақпараттық сауатсыздықты жою жолына сарп етті. Мұрағаттан газет материалдары туралы көп ақпарат табуға болады. Мысалы табылған газет даналарының бірінші бетінде репрессияға ұшыраған қазақ ақыны, көсемсөзші, әдебиеттанушы Ілияс Жансүгіров қолжазбаларының көшірмесі басылған. Үшбұрышты мөрдің ішіне

публицистің «Джансугуров Ильяс» деп орыс тілінде және арабтың төте жазуымен қазақ тілінде жазылған есімі мен тегі бедерленген. Дәл осындай мөрді «Бостандық туы» газетінің 1922 жылғы сәуірдегі нөмірлерінен де көруге болады. «Кедей сөзі» Илияс Жансүгіровтің жеке кітапханасына қалай және қашан тап болғанын анықтау қажеттілігі туып тұр. Газет қағазы сарғайып, шеттері әбден көнергендіктен кейбір авторлардың есімін анықтау қиынға соғады демесеңіз, мәтіндердің барлығы дерлік жақсы сақталған. Бұл тақырыпты тереңірек зерттеу қазақ журналистикасы мен БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат тарихының ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруге жол ашары сөзсіз. Бұл газеттің бүгінгі күндегі тікелей мұрагері – «Солтүстік Қазақстан» газеті [1].

XX ғ. бірінші жартысында халық арасында нағыз қазақтың ахуалын баяндайтын газеттер керек еді. Ол газеттер Ақмола облысының өлке тарихын зерттеуде көп мәлімет бермесе де сол кездегі құнды құжаттардың бірі болды. Өлке тарихын құнды дерек ретінде сипаттаған тағы бір сол кездегі тарихи газеттердің бірі деп «Арқа ажары» газетін айтуымызға болады. 1917 жылы елорда дамуының тарихына айрықша үлес қосқан алғашқы атауы «Тіршілік» газеті – Ақмола уездік ревкомы мен совпедінің органы, Қазақстандағы тұңғыш кеңестік газеттердің бірі. Сол кездегі газеттің ресми редакторы Р.Дүйсенбаев, идеялық жетекшісі және негізгі авторы С.Сейфуллин болған. Газет сол уақыттағы бұқараны кеңес үкіметі үшін күресте жұмылдыруда үлкен рөл атқарып, саяси бостандық ұлт мәселелері жөнінде еңбекші халық арасында революциялық үгіт-насихат жүргізді. Осы аралықтағы қазақ газеттерінің көптеп шығуына байланысты Ғалым Бейсенбай Кенжебаев былай деп жазды: «XX ғасырдың басынан қазақ арасында оқу-ағарту жұмыстары үдеді, қазақ интеллигенциясы құрала бастады. Қазақ тілінде кітап бастыру, газет-журнал шығару ісі қолға алынды, халықтың сана-сезімі оянды» [2].

1917 жыл Ақмолада Қазақ комитеттері ұйымдастырылып жатқан кез болатын. Сол кезеңде халықтың санасын ояту мақсатында «Тіршілікті» жарыққа шығарады. «Тіршіліктің» шынайы тарихы, алдына қойған мақсаты, мақалаларының тақырыптық сипаты С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында дәл суреттелген: «Қаріп келіп «Тіршілік» деген газет шығара бастадық» [3]. Бұнымен қоса романда 1925 жылы Ташкентте газет тілшілерінің бүкілқазақстандық съезінде алаш қайраткері Абдолла Байтасұлының «Қазақ баспасөзінің тарихы туралы» баяндама жасап, «Тіршілікке» қатысты пікір білдіргені айтылады.

Зерттеуші З.Тайшыбайдың «Мағжанның Қызылжары» еңбегінде басылымға қатысты мынадай мәлімет бар: «Солтүстік өңірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегенде Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің орнын көрсетпесе болмайды. Либералдық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы Рақымжан Дүйсенбаев. Газеттің жұмысына қаладағы мектептердің мұғалімдері Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты азаматтар қатысты» [4].

Бұдан кейінгі «Тіршіліктің» тарихы да тағылымға толы. Ол 1928 жылдың 17 қаңтарынан 1932 жылдың желтоқсан айы аралығында Ақмола округінің «Жаңа Арқа», онан кейінгі 1932 жылдың желтоқсаны мен 1939 жылдың қараша айында шыққан «Колхоз екпіндісі» және «Ақмола екпіндісі» «Сталин туының» кейінгі жылнамасы «Есіл правдасы», «Тың өлкесі», «Коммунизм нұры» деген атауларға өзгеріп жарыққа шығып отырады.

Тәуелсіздіктің арқасында «Коммунизм нұры» газеті «Арқа ажары» болып шыға бастағанды. Іргесін Сәкен Сейфуллин қалаған «Тіршілік» пен бүгінгі «Арқа ажары» аралығында жатқан жүз жылға жуық уақыт кезеңдерінде тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігі жатыр десек қателеспес едік.

Көбісі бұрынғы «Тіршілік» пен қазіргі «Арқа ажарын» не байланыстырады деп те жатады. Бұған жауап іздейтін болсақ Ақмола облыстық газеті Арқа өңірінің келбетін, тынысын, үнін білдіреді деген ұстанымға сай газетті «Арқа ажары» деген жаңаша атаумен жарыққа шығуына бастамашы да, қозғаушы болған Октябрь Қайырұлы Әлібеков еді. «Арқа ажарының» бас редакторлығы Жомарт Сафиұлы Әбдіхалық тағайындалды. Ол баспасөз саласының білгірі, парасатты азамат тұлғасымен ғана емес, философиялық озық ой-тұжырымдарды тұла бойына

молынан сіңірген ерекше дарын иесі болатын. Бұдан кейін жазушы-драматург Жабал Ерғалиевтің облыс әкімінің өкімімен «Арқа ажары» газетіне бас редактор болып тағайындалуы әріптес журналистердің бағын жандырудың, шығармашылық ұйымды тас-түйін ортақ мақсатқа жұмылдырудың бастауы болды.

Бүгін де алып ағалардың тәлімін көрген тәжірибесі мол, парасатты тұлға, қарымды журналист, қаламгер-ақындар бастаған газет ұжымы халық игілігі үшін қажырлы еңбек етіп, ұлттық баспасөздің дамуына өзіндік үлестерін қосып жатыр. Сәкен Сейфуллиндей алаштың аяулы азаматы негізін қалаған газетті басқару үлкен мәртебе, әрі зор жауапкершілік екені белгілі.

«Арқа ажары» газетінің тарихына үңілсек, осы басылымның бүгінгі күнге дейін үзілмей жетуіне айрықша үлес қосқан редактор-басшылардың өлшеусіз еңбегін көреміз. Мәселен, Мұқат Мейірманов, Қасым Сүлейменов, Баязит Боранбаев, Әбу Айзахметов, Өмірзақ Өкішев, Абылай Мұздыбаев, Кеңес Үсебаев, Ахмедия Әлғожин, Сүлеймен Сейітов, Сапаржан Хайдаров, Әнуар Ипмағанбетов, Әмірғали Нүркішев, Октябрь Әлібеков, Жомарт Әбдіхалық және басқа да қаламгерлердің есімі ел санасынан өшкен жоқ.

Газетте қалың халықтың қал - ахуалына бағытталған айдарларды табамыз. Олар; ауыл шаруашылығы, білім көкжиегі, дінің – рухани тінің, денсаулық, мамандығым – мақтанышым, Экономика, қоғам және заң, Әлеумет, Өнеркәсіп, Әдебиет т.б.

«Арқа ажары» газет тізгінін көрнекті қаламгер, майталман журналист Жабал Ерғалиев басқарған. Газет жаңа келбетке ие болып, оқырмандарының ілтипатына бөленгені сөзсіз. Парламенті Сенатына депутат болып сайланған бас редактор Ж.Ерғалиев Астанаға аттанар алдында «Мен бүгінгі өз биігіме қос қанатыммен ұшып барамын. Біреуі – менің «Көкшетау» газетім, екіншісі – өзімнің «Арқа ажарым» деп, редакцияның естелік кітабына қолжазбасын қалдырыпты [5]. Бұл газетке деген, кәсіпке деген сүйіспеншіліктің белгісі болса керек. Газеттің бүгінгі күнгі қаламы қарымды, аузы дуалы ұжым алқасына тоқталар болсақ ол «Ақмола Тіршілік» ЖШС-і директоры, жазушы, драматург Жабал Ерғалиев, «Арқа ажарының» бас редакторы қызметін қарымды қаламгер, білікті баспасөз маманы Қайырбай Төреғожа, бас редактордың орынбасары Байқал Байәділов сынды халық қамын ойлаған тұлғалар қызметін абыроймен атқарып келеді.

XX ғ. бірінші жартысындағы шыққан газеттердің қатарына Ақмола облысы, Ақкөл ауданы қоғамдық-саяси газеті «За большевистскую уборку», кейін «Сталинская правда», «Путь к коммунизму», «Заветы Ильича», «Знамя Родины» деп аталған газетерін көрсету қажет. Газеттің бірінші редакторы – 1943 жылы майданда қаза болған Я.Пинчук. Газетте Г.Зайцева, М.Витновой, М.Карюк, М.Рабинович, Н.Оноприенко, И.Казакова, М.Мурашко, Б.Қамыспаева редакторлық жұмыс жасаған.

Осы аралықта жарық көрген Ақмола облысындағы гезеттер осыған дейінгі бағыт-бағдарын сақтай отырып, заман талабына қарай түлеп, елдің бүгінгі мен ертеңін өлкенің тарихын жазуда тоқтамай, алпауыт әрі толассыз еңбектердің саны бүгінгі күні тек көбеймесе азайар емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұхбанбердина Ж., Дәуітов С. Айқап. — Алматы, 1996. — 227 б.
2. «Арқа ажары» Ақмола облысының халықтық қоғамдық-саяси газеті. 2017 жылы 13 қыркүйек
3. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930 жылдар). — Алматы, 1964.
4. З. Тайшыбай. «Солтүстік өңірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы»
5. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1998. — 192 б.